

## Төтенше жағдай жариялау туралы

Қарағанды облысының Шет ауданы әкімінің 2016 жылғы 15 қыркүйектегі № 12 шешімі . Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 қыркүйекте № 3959 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қаулысына, төтенше жағдайларды алдын алу және жою бойынша аудандық комиссия отырысының 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 4 хаттамасына, 2016 жылғы 7 қыркүйектегі ведомствоаралық комиссияның үйді авариялық жағдайда деп тану туралы № 1 хаттамасына, Шет ауданының Ақжал кентіндегі № 5 тұрғын үйді комиссиялық тексеру кесіміне, 2016 жылғы 29 тамыздағы № 27-01-88/964 Ақсу-Аюлы метеостанциясының ауа-райы жағдайы туралы анықтамасына, "Қарағанда Техно Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің хатына, "Стройтехнология" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қарағанды облысы Шет ауданы Ақжал кенті № 5 үй мекен жайында орналасқан тұрғын үйдің негізгі құрылыс конструкцияларының техникалық жағдайына және күшейтуге әзірленген ұсыныс, сараптамалық тексерудің техникалық қорытындысына сәйкес, Шет ауданы Ақжал кентінің № 5 үй тұрғындарының өмірін және денсаулығын сақтау үшін және Ақжал кентіндегі № 5 үйдің құлаған жағдайда жақын орналасқан тұрғын үйлер мен кәсіпкерлік нысандарына төтенше жағдай салдарынан келтірілетін залалды болдырмау мақсатында Шет ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды облысы Шет ауданы Ақжал кентінде жергілікті деңгейдегі табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Шет ауданы әкімінің орынбасары Мұхит Сайлауұлы Мұхтаров тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Шет ауданы әкімінің 2016 жылғы 9 қыркүйектегі "Төтенше жағдай жариялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3955 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 қыркүйектегі № 37 (10 606) "Шет шұғыласы" газетінде жарияланған) № 11 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Шет ауданының әкімі*

*М. Жандаулетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК